

Э.Т. Баярыстанова
К.А. Есенова
Ж.А. Башчикулова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(E-mail: elmira-b71@mail.ru; kamchat_esenova@mail.ru., JanarB02@mail.ru)

Педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің мазмұны мен құрылымы

Аңдатпа. Мақалада бәсекеге қабілеттілік ұғымының мәні мен мағынасы қарастырылып, бұл сапаның педагог мамандарға қатысты мазмұны мен құрылымы сараланған. Зерттеу барысында бәсекеге қабілеттілікті психологиялық-педагогикалық және кәсіби-экономикалық тәсілдеме негізінде қарастырган ғылыми еңбектер зерделенген. Авторлар зерттеулерді теориялық талдау және жалпылау негізінде, сондай-ақ сөздің этимологиясын сүйене отырып, педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігін «оның білім беру қызметтері нарығындағы бәсекелестік жағдайда өзгелерге қарағанда неғұрлым қалаулы болуына мүмкіндік беретін стратегиялық қасиеті ретінде» анықтайды. Маманның бұл сапасы іс-әрекеттің мақсаты мен міндеттерін дәл анықтауда, оған жетудің тиімді құралдары мен тәсілдерін таңдауда, өзінің іс-әрекет нәтижелерін талдау және сыни бағалау негізінде табысқа жетуде айтарлықтай басымдылықтар береді. Мақала мазмұнында бәсекеге қабілетті педагогтың «ұтымды өзгешеліктері» ретінде ойлау дербестігі мен икемділігі, педагогикалық рефлексия, стресске төзімділік, табысты қызметті қажетсіну сияқты сапалар анықталып, оларға сипаттама беріледі.

Түйін сөздер: бәсекелестік, бәсекеге қабілеттілік, педагог, ойлау дербестігі мен икемділігі, педагогикалық рефлексия, стресске төзімділік, табысты қызметті қажетсіну.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2022-138-1-213-222>

Кіріспе

Әлемдік жаһандану кезеңінде кәсіптік білім беру жүйесі қоғам мен мемлекет қойып отырған жаңа талаптармен бетпе-бет келді. Жұмыс күші сұраныстан әлдеқайда көп болып отырған бүгінгі таңда еңбек нарығына бәсекеге қабілетті маман ғана қажет. Осыған орай, қызметтің барлық салаларында бәсекеге қабілеттілікті білдіретін әлеуметтік жауапкершілік, жаңа факторларды барабар қабылдау және ұтқырлық таныту, шешім қабылдаудағы

тәуелсіздік пен жеделдік, демократиялық қарым-қатынасқа және белсенді әлеуметтік әрекетке, соның ішінде өз құқығыңды қорғауға, жаңа жағдайларға жылдам бейімделуге даярлық сияқты тұлғалық сапалар жоғары мәнге ие бола бастады.

Елбасының «Бәсекеге қабілеттілік дегеніміз – ұлттың аймақтық немесе жаһандық нарықта бағасы, я болмаса сапасы жөнінен өзгелерден ұтымды дүние ұсына алуы. Бұл материалдық өнім ғана емес, сонымен бірге, білім, қызмет, зияткерлік өнім немесе сапалы еңбек ресур-

стары болуы мүмкін» [1] деген тұжырымы осы өнімді жасайтын адами капиталды қалыптастырушы педагог мамандарға қойылатын талаптарды күшейтеді.

Нарық жағдайында бәсекелестік білім беру саласының субъектілері арасындағы қарым-қатынастың да ажырамас бөлігіне айналды: ата-аналар мен балалар оқу орындарын, ең жақсы деген мұғалімдерді таңдайды; жоғары сынып оқушылары «таңдау пәнін» қандай да бір мұғалімді «ең мықты» деп мойындау арқылы белгілейді; беделді оқу орындары педагогтарды оқытушылық қызметке конкурс негізінде қабылдайды және т.с.с. Түрлі меншік нысанындағы оқу орындары арасындағы бәсекелестік қатынастар, білім беру бағдарламаларының әр алуандығы, жастардың әртүрлі деңгейде ақылы білім алу мүмкіндігінің кеңеюі білім беру қызметтері нарығының дамуына ықпал жасап отыр.

Демек, заманауи педагог кәсіптік білім мен дағдылардың иегері ғана емес, сонымен бірге өзін еңбек нарығында ұсына білуге қабілетті, кез-келген уақытта және әртүрлі жағдайларда туындайтын мәселелерді икемділікпен, сенімділікпен және тиімді шеше білуге қабілетті, білім берудегі инновацияларға жылдам бейімделу үшін өзін-өзі үнемі жетілдіріп отыруға дайын болуы керек.

Десек те, мәселеге қатысты теориялық әдебиеттерді зерделеу «бәсекеге қабілеттілікті» педагогикалық тұрғыдан зерттеуге арналған ғылыми еңбектердің көп еместігін аңғартады, екіншіден, ғалымдар аталған ұғымның мәні мен мазмұнын түрліше қарастыра отырып, бәсекеге қабілетті маманға тән тұлғалық қасиеттер тізімін де әртүрлі етіп ұсынады. Үшіншіден, педагогикалық жоғары оқу орындары түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесі жеткілікті қарастырылмаған, бұл оны жоғары оқу орындарының тәжірибесінде шешуді қиындатады. Осылайша, нарықтық қатынастар жағдайында педагог мамандарға қойылып отырған талаптарды, білім беру жүйесіндегі мемлекеттік құжаттарды және кәсіптік педагогикалық білім беру тәжірибесін талдау болашақ педагог тұлғасының стратегиялық сапасы ретіндегі бәсекеге

қабілеттілікті қалыптастыру қажеттігі мен бұл мәселенің жоғары білім беру барысындағы жағдайы арасындағы қарама-қайшылықты аңғартады. Бізді ойымызша осы қарама-қайшылықты шешудегі бастапқы қадам – педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігінің мазмұны мен құрылымын анықтау.

Негізгі бөлім (талдау нәтижелері)

Педагог маманның бәсекеге қабілеттілігінің мазмұнын анықтау үшін, ең алдымен, мәселеге қатысты теориялық әдебиеттерге талдау жасап, «бәсекеге қабілеттілік» ұғымының мәні мен мағынасын нақтылап көрейік.

Бәсекелестік (немесе конкуренция) латынның «concurrere» сөзінен аударғанда «соқтығысу» дегенді білдіреді. XX ғасырдың басында «бәсекелестік» термині ғылымға, ең алдымен, экономикалық теорияның негізгі ұғымдарының қатарына енді. Терминді қандай да бір қызметке кәсіби дайындықтың жоғары деңгейін көрсететін ұғым ретінде білім беру саласындағы мамандар да қолдана бастады. «Бәсекелестік» сөзінен туындаған «бәсекеге қабілеттілік» ұғымы тауарлар мен қызметтермен қоса жеке тұлғаның немесе маманның қасиеті ретінде айқындалды. Жұмыс берушілер «кәсіпқойлық» (профессионализм) терминінің орнына «бәсекеге қабілеттілік» ұғымын жиі пайдалана бастады.

«Бәсекеге қабілеттілік» ұғымы «бәсеке» (бәсекелестік) және «қабілет» (қабілеттілік) деген екі сөзден тұратын бір мағыналы сөз тіркесі. Қазақстанның ұлттық энциклопедиясында «бәсекелестік» сөзінің психологияға қатысты мағынасы «жеке адамдар мен топтар арасындағы қарым-қатынастың түрі; белгілі бір мақсатқа жету жолындағы жарыс, тартыс түрінде көрінеді...Бәсекелестік адамның жетістікке жетуіне өз септігін тигізіп, пайдалы қызмет атқарады» деп түсіндірілген. Ал «қабілеттілік» – адамның белгілі бір іс-әрекетке бейімділігі, осы іс-әрекетті оңай әрі тез орындау мүмкіндігін танытатын, оның басқалардан өзгеше, жеке-дара психикалық ерекшелігі ретінде берілген [2].

Бәсекеге қабілетті маманға сипаттама бере отырып, көптеген зерттеушілер (В. И. Андре-

ев, С. А. Борисенко, Б. С. Гершунский, Л. М. Митина, А. В. Петровский, Н. В. Фомин және т.б.) мынадай тұлғалық қасиеттерді ажыратады: кәсіби құзыреттілік; теориялық және практикалық даярлықтың жоғары деңгейі; ғылым мен техниканың және заманауи технологияның соңғы жетістіктерін меңгерудің жоғары деңгейі; мақсаттылық, құндылық бағдарлар, мақсаттарға жетуде және кедергілерді жеңуде табандылық таныту; өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби өсуге ұмтылу; жетістікке ұмтылу; шығармашылық және жаңашылдыққа қабілетті болу; перспективаны таңдау, өзінің дамуын болжай білу және мәселені жүйелі түрде көру мүмкіндігі; заманауи өндірістік технологияларға бейімделу, бір еңбек түрінен екінші түріне оңай ауысу мүмкіндігі; ойлаудың икемділігі; өзін-өзі бағалау қабілеті; жауапты шешімдер қабылдау қабілеті; еңбекқорлық, тиімділік пен сапаға бағдарлану; тәуекелге қабілеттілік; коммуникативтілік.

Бәсекеге қабілеттілікті педагогикалық ұғым ретінде қарастыру болашақ педагогтардың дайындық сапасының өлшемдерін анықтауға арналған ғылыми зерттеулерге негізделеді. Ғалымдар болашақ мамандардың педагогикалық дайындығына қандай да бір анықтама берген кезде, бағалау тұрғысынан сапалы деп танылатын өлшемдерді көрсетеді. Мәселен, П.Е.Решетников студенттердің педагогикалық дайындығын кәсіби білімдер жүйесін меңгеру процесі мен нәтижесі ретінде анықтап, оның құрылымына негізгі жалпыпедагогикалық ұғымдардың қалыптасуын, маңызды кәсіби-тұлғалық сапалардың дамуын кіріктіреді және студентті жоғары оқу орнында жүрген кезінен бастап-ақ педагог ретінде қалыптастыру қажеттігін баса көрсетеді [3]. Біздің ойымызша, бұл тұжырымдағы маңызды пікір – болашақ мұғалімнің тұлғалық сапаларын дамыту. Себебі мұғалімнің дайындығы – бұл, ең алдымен, оның тұлға ретінде қалыптасуы, содан кейін ғана арнайы білім мен іскерліктерді меңгерген кәсіби қызметкерге айналуы.

Бірқатар педагогикалық зерттеулерде мағынасы бойынша «бәсекеге қабілеттілік» ұғымына жақын ұғымдар қарастырылады,

мысалы «кәсіпқойлық» (профессионализм) (Н.В.Кузьмина, В.А.Сластенин және т.б.), «құзыреттілік» (А.К.Маркова, Е.В.Набиева, Ш.Т.Таубаева және т.б.).


В.А.Сластенин «Профессионализм педагога: акмеологический контекст» атты мақаласында «кәсіпқойлықты» өз құрылымында мотивациялық-құндылықты, танымдық және операциялық-іс-әрекеттік компоненттерді біріктіретін интегралды жеке білім беру» деп түсіндіреді. [4] Біз ғалымның «кәсіпқойлыққа жету тек кәсіби шеберлікті игерумен ғана емес, сонымен қатар жеке және кәсіби қасиеттердің дамуына байланысты» деген пайымдауын маңызды деп санаймыз.

Қазақстандық ғалым Б.Т.Кенжебеков болашақ мамандардың кәсіптік құзыреттілігін жоғары білім беру үрдісінде зерттей отырып, бұл ұғымды былайша анықтайды: «кәсіби құзыреттілік – бұл кіріктірілген іргелі білімдер, адамның қабілеттері мен жинақталған біліктіліктерінің, оның кәсіби маңызды сапаларының, технологияны жоғары деңгейде меңгеруінің, мәдениеті мен шеберлігінің, ұйымдастырудағы шығармашылық әрекетінің, өзін-өзі дамытуға дайындығының бірігуі». [5]

Жоғарыда аталған және т.с.с. зерттеулерде тұжырымдалған педагог мамандардың кәсіби сипаттамалары біздің зерттеуіміз үшін заманауи мұғалімді сипаттайтын кәсіби және жеке қасиеттердің өлшемшарттарын анықтау үшін маңызды болып табылады.

Педагогтың теориялық және практикалық дайындығы мәселесі жөніндегі психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді оқып зерттеу негізінде мұғалімнің жеке басы мен іс-әрекеті құрылымының келесі компоненттерін ажыратып көрсетуге болады:

- 1) білім (әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік, әдіснамалық, психологиялық, педагогикалық);
- 2) іскерліктер (гностикалық, болжамдау, жобалаушы, конструктивті, ұйымдастырушылық, коммуникативтік);
- 3) бағыттылық (гуманистік, идеялық, адамгершілік-эмоциялық, кәсіби);
- 4) дүниетаным (педагогтың табиғатқа, қоғамға, еңбекке, өзіне, өзге адамдарға қатынастар жүйесі);



Сурет 1. Педагогтың маманның бәсекеге қабілеттілігінің құрылымы

5) қабілеттер (педагогикалық, жалпы, арнайы).

Бәсекеге қабілеттілік сапасының әртүрлі сипаттамалары берілген дереккөздер негізінде біз педагог маманның бәсекеге қабілеттілігінің мәнін, құрылымы мен мазмұнын анықтау мақсатында «бәсекеге қабілеттілік» зерттеу тәсілдемелерін қарастырдық. Бұл, ең алдымен, психологиялық-педагогикалық тәсілдеме.

С.И.Тарасова мен Е.В. Таранованың еңбектерінде бәсекеге қабілеттіліктің психологиялық-педагогикалық сипаттамалары (интеллектуалдық әлеует, өзін-өзі таныту, өзін-өзі барабар бағалау, өздігінен білім алу, қоғамдастық, адамгершілік) және негізгі компоненттері (болжамдық, ақпараттық-мазмұндық, іс-әрекеттік, уәждемелі-құндылықтық, эмоционалы-еріктік) ажыратылып көрсетіледі. [6]

В.Лаптев, О.Е.Лебедев, Е. А. Ленская, Л. Митина, А.Мищенко, Т. А. Стефановская, Д. И. Фрумин және т.б. ғалымдар, бәсекеге қабілеттілік тұлғаның өзін-өзі айқындау, өзін-өзі таныту және өзін-өзі қанағаттандыру сапаларымен байланысты қасиеті (мінездемесі) ретінде қарастырады.

Байқағанымыздай, педагогикалық-психологиялық тәсілдеме бәсекеге қабілеттілік-

тің модельдерін, құрылымдары мен компоненттерін жеке тұлға аясында, яғни адамның дара-типологиялық қасиеттері мен сапалары, уәждемелері мен қызмет бағыттылығы арқылы талдайды.

Екінші тәсілдемені кәсіби-экономикалық деп атауға болады. Ол бәсекеге қабілеттілікті жұмыс күшінің жиынтық сапасымен сәйкестендіретін зерттеулерді біріктіреді және кәсіптік білім мен дағдылар, біліктілік, кәсіби шеберлік, құзыреттіліктерді меңгеру сияқты аспектілерді қарастырады, ал тұлғалық сапаларға іс-әрекетті сүйемелдеуші рөлін береді. Мұндай зерттеулерге С.И.Сотникованың, А.Г. Шатохиннің, О.В. Борисованың, Ф.С.Исмаиловтың еңбектерін жатқызуға болады.

Кәсіптік-экономикалық бағыттағы зерттеулерде бәсекеге қабілеттілік, көбінесе, жалпы жұмыс күшіне немесе кәсіби топтарға қатысты қарастырылады. Мұндай еңбектердің басым көпшілігі бәсекеге қабілеттілікті іске асырудың экономикалық тиімділігі мен қызметкерлердің белгілі бір кәсіби дағдыларды, қабілеттер мен құзыреттерді пайдалану тиімділігін зерттеуге арналған.

Аталған тәсілдемелер негізінде жүргізілген зерттеулерге және «бәсекелестік» сөзінің этимологиясына сүйене отырып, мынадай

тұжырым жасауға болады: бәсекеге қабілеттілік әртүрлі бәсекелес жағдайларда өз іс-әрекетінің мақсаты мен міндеттерін (не үшін?) дәл анықтай алатын, оған жетудің тиімді құралдары мен тәсілдерін (қалай?) таңдай алатын, өзінің іс-әрекет нәтижелерін талдап, сын тұрғысынан бағалай (не? неліктен?) отырып, табысқа жете алатын адамға басымдылықтар «береді». Педагог маманның бәсекеге қабілеттілігі – бұл оның бәсекелестік жағдайда өзгелерге қарағанда неғұрлым қалаулы болуына мүмкіндік беретін стратегиялық қасиеті, мұндай мұғалімнің «ұтымды өзгешеліктері (басымдықтары)»: ойлау дербестігі мен икемділігі, педагогикалық рефлексия, стресске төзімділік, табысты қызметті қажетсіну. (Сурет 1)

Педагог маманның бәсекеге қабілеттілігінің аталған өлшемшарттары мен оның көрсеткіштеріне («ұтымды ерекшеліктеріне») қысқаша сипаттама беріп көрейік.

Педагогикалық ойлаудың дербестігі мен икемділігі. Ғылыми әдебиеттерде «педагогикалық ойлау» ұғымына әртүрлі түсініктер беріледі. Оларды қарастыра отырып, біз ұғымның мағынасын түсінуде А.А.Орловтың берген сипаттамасына сүйенеміз. Ғалым педагогикалық ойлаудың негізгі екі қырын атап көрсетеді: практикалық іс-әрекетке тікелей қатысу және жалпы білімді педагогикалық процестің нақты жағдайларына бейімдеу. [7]

«Педагогика бойынша қазіргі сөздікте» («Современный словарь по педагогике») ойлау дербестігі былайша түсіндіріледі: «шешілуі керек мәселені көре білу және оған өздігінен жауап таба білу қабілеті. Дербес (тәуелсіз) ақыл дайын шешімдерді іздемейді, қажетсіз басқа адамдардың ойлары мен ұстанымдарына сүйенуге тырыспайды. Ол ақиқатты тануда шығармашылыққа жүгінеді, оны зерттеудің жаңа тәсілдерін, жаңа фактілер мен заңдылықтарды іздейді және табады, жаңа болжамдар мен теориялар ұсынады. Ойлаудың дербестігі оның сыншылығымен тығыз байланысты. Ойлау дербестігі – шығармашылық адамның маңызды қасиеті». [8]

Осы дереккөзде ойлаудың икемділігі былайша түсіндіріледі: «тұлғаның мәселені

шешу үшін алғашқыда белгілеген жолын (жоспарын) біртіндеп анықталатын және оның басынан бастап есепке алынбайтын шарттарға сәйкес өзгерте білу қабілеті. Ойлаудың икемділігі нақты бір мәселені шешудің ерекше жағдайларын жеткілікті түрде толық есепке алуды, барлық пайымдаулардың логикасын таңдалған шешімді негіздеуге және дәлелдеуге бағытталуын қамтамасыз етеді. Ойлау икемділігінің арқасында адам мәселені шешудің нақты жағдай талаптарына сәйкес келетін жаңа әдіс-тәсілдерін таба алады. Ойлау икемділігінің тағы бір сапасы – транспозиция (көшіру, ауыстыру), яғни бір кәсіби мәселені шешуде алған білімді (тәжірибені) екінші бір шешімге қолдану мүмкіндігі.

Педагогикалық ойлау оқу-тәрбие көріністерінің мұғалім санасында жалпылама және жанама бейнеленуін білдіріп, оның педагогикалық мәселелер мен қайшылықтарды ұтымды шешу қабілеті түрінде байқалады: оларды байқау және түсіну, талдау және салыстыру, болжау және жобалау, т.с.с. Педагогикалық ойлаудың негізгі объектісі үнемі өзгеріп тұратын тәрбиелік қарым-қатынастар болғандықтан, мұғалімнен нақты іс-әрекетке тікелей қосылу және оны шешу үшін бар білімін жаппай жұмылдыру, табандылық пен шығармашылық ізденіс таныту талап етіледі.

Мұндайда ойлаудың дербестігі мен икемділігі аса маңызды, ал қалған сипаттамалар осылардың нәтижелілігін арттырады. Ойлаудың дербестігі нақты мәселені өзге адамдардың көмегінен өз бетімен шешуге мүмкіндік береді. Ал икемділік – мәселені шешудің бастапқы жолдарын өзгерте білу, жоспарланған әрекеттерді жағдайға қарай бейімдеу, жаңа тәсілдер ойлап табу қабілетін аңғартады.

Осылайша, теориялық зерттеулерді талдау негізінде педагогтың дербес және икемді ойлауының мынадай сипаттамаларын тұжырымдауға болады:

- 1) педагогикалық мәселелерді шешу үрдісі мен тиімді тәсілдері туралы білім;
- 2) педагогикалық мәселелерді шешуде қызығушылық пен табандылық таныту;

3) қойылған міндеттерді бірнеше нұсқаларды ұсынып вариативті шеше білу; алынған ақпаратты түсіндіре білу.

Ойлаудың дербестігі мен икемділігі педагогикалық іс-әрекетте жиі кездесетін түрлі проблемаларды, олардан туындайтын жеке жағдаяттар мен міндеттерді тиімді жолмен табысты шешуге ықпал етеді. Бәсекелестік жағдайында білім мен тәжірибені әртүрлі нұсқада дербес және икемді қолдана білу, өз тәжірибесін жаңа жағдайларда ұтымды қолдану арқылы жаңа тәсілдемелер ойлап табу – маманның өзгелерден басымдылығын танытып, оның кәсіби қызметінің табыстылығын қамтамасыз етеді.

Рефлексия. Латын сөзі «reflexio» (артқа қарайлау) адам санасының өзін-өзі тануға, өзінің іс-әрекетін талдауға бағытталуы деген мағынаны білдіреді.

Педагогикалық психологияда рефлексия мұғалімнің өз жұмысына және оның субъектісі ретіндегі өзіне қатысты белсенді зерттеушілік позициясын айқындауынан, педагогикалық іс-әрекеттің оқушы тұлғасын дамытудағы нәтижелілігін түсіну және бағалау қабілетінен байқалатын күрделі психикалық феномен ретінде түсіндіріледі. Педагогикалық рефлексияның өзін-өзі талдау және өзін-өзі бағалау секілді аспектісі мұғалімнің өз мамандығын, өзінің кәсіптегі орнын жалпы түсінуде де, қандай да бір педагогикалық шешімге тұлғалық қатынасын да білдіреді. «Мен қандай мұғаліммін?» «Менің қандай жеке қасиеттерім тиімді әрекет етуге көмектеседі (немесе кедергі жасайды)?» Мұндай сұрақтар мұғалімнің өзіне кәсіби қызметтің субъектісі ретіндегі рефлексивті қатынасын сипаттайды.

Педагогикалық рефлексияны күрделі интеллектуалдық және психологиялық құбылыс ретінде В.А.Адольф, Н.В.Кузьмина, В.А.Метаева, Е.В.Набиева сияқты ғалымдар зерттеген. Бұл зерттеулерде педагогикалық рефлексия «күрделі интегративті құрылым» (В.А.Метаева), «кәсіби құзыреттіліктің маңызды сипаттамасы» (В.А. Адольф), мұғалім қызметінің гностикалық компонентінің элементі (Н.В. Кузьмина), ретінде қызмет етеді зерттеуші-оқытушының қызметінің функциясы

(Е.В. Набиева) және т.б. ретінде қарастырылады.

Рефлексияның кәсіби қызметтегі, атап айтқанда, педагогикалық қызметтегі маңыздылығы мынадай себептерге байланысты:

1) Педагогикалық кәсіпті меңгеру үшін рефлексия қажет, себебі ол болашақ мұғалімге дұрыс бағытта келе жатқандығын, оның педагогикалық бейімділігінің бар-жоғын түсінуге мүмкіндік береді.

2) Рефлексия негізінде педагогикалық үрдіс, сонымен қатар, өз бетімен білім алу және өзін-өзі кәсіби жетілдіру процесі бақыланады және басқарылады.

3) Кәсіби-білім беру қызметіндегі жағдайлар өзгерген ретте, рефлексияның маңызы зор.

4) Рефлексия – педагогикалық іс-әрекетті дамытудың маңызды тетіктерінің бірі.

Педагогтың кәсіби рефлексиясы – оның өзін-өзі кәсіби маман ретінде бағалап, өзінің іс-әрекетіне шығармашылық көзқарас таныту және білім алушылармен тиімді қарым-қатынас орнату нысаны ретінде ой елегінен өткізуін қамтитын аса маңызды кәсіби қасиет. Демек, рефлексияға қабілетті оқытушы – бұл ойлана алатын, өз тәжірибесіне талдау жасай алатын, зерттеу жүргізе педагог. Рефлексиялық дағдыларды меңгерген бәсекеге қабілетті педагог – өзінің кәсіби мүмкіндіктерін барабар бағалауға, өз қызметінің нәтижелерін сыни тұрғыдан талдауға, өзінің кәсіби дамуын болжауға қабілетті маман.

Стресске төзімділік. Қазіргі жылдам өзгеріп тұрған құбылмалы және күрделі әлемнің келеңсіз қырларының бірі – адамның үнемі «серігіне» айналып келе жатқан күйзелістер (стрестер). Стрестің (ағылшынның «stress»-қысым, тартылыс) жалпылама түсінігі: адамдар мен жануарларда төтенше әсерлерге жауап ретінде қысылтаяң жағдайларда болатын үлкен психикалық күйзеліс. Даулылық, шыдамсыздық, жағдайға қарай «өзгеруге» бейімсіздік, тиімсіз іс-әрекеттер жасау сияқты стрестік жағдайдың белгілері адамның денсаулығы мен көңіл-күйінің нашарлауына, жұмыс нәтижелілігінің төмендеуіне әкеліп соғады.

Уақыт тапшылығы, оқушылардың үлгерім деңгейінің төмендігі, түрлі шиеленістер, ақпараттардың алуан түрлілігі мен көлемділігі сияқты жағдайлар мұғалім мамандығын стрессогендік (күйзелістік) кәсіптер қатарына енгізіп отыр. Осыған байланысты соңғы жылдары оқытушы профессиограммасына шыдамдылық, ұстамдылық, өзін-өзі бақылау, байсалдылық секілді қасиеттермен қоса күйзеліске төзімділік те енгізіліп жүр.

Психологиялық сөздікте стресске төзімділік былайша сипатталады: қызметкерге кәсіби іс-әрекеттің ерекшеліктерінен туындаған елеулі интеллектуалдық, ерікті және эмоционалдық күйзелістерді (шамадан тыс жүктемелер), денсаулыққа, айналасындағыларға және қызметке айтарлықтай зиянды салдарларын тигізбей, қабылдауға мүмкіндік беретін жеке тұлғалық қасиеттер жиынтығы.

Стресске төзімділікке әсер ететін факторларға мыналарды жатқызуға болады: ағзаның туа біткен өзгешеліктері және ерте балалық шақтағы тәжірибе; тұлғалық ерекшеліктер (эмоциялық тұрақтылық, өзін-өзі ұстай білу, сезімталдық); тұлғаның бағыттылығы, оның көзқарастары мен құндылықтары; әлеуметтік ортаның факторлары (әлеуметтік және еңбек жағдайлары, жақын әлеуметтік орта); когнитивті факторлар (қоршаған орта факторларын, өзінің нақты жағдайы мен өткен тәжірибесін талдай білу, болашақты болжау).

Бәсекеге қабілетті педагогтың маңызды қасиеті ретінде стресске төзімділік оның түрлі стрессорлар жағдайында эмоциялық тұрақтылығын, ойлау икемділігі арқылы жағдайға қарай жылдам өзгеру ептілігін, іс-әрекеттерінің ұтымдылығы мен тиімділігін білдіріп, қиындықтарды жеңуге мүмкіндік береді.

Табысты қызметті қажетсіну

Мак-Клелландтың теориясында «табыстылық қажеттілігі адамның мәртебесінің мойындалуымен ғана емес, істің сәтті аяқталуымен қанағаттандырылады. Мұндай қажеттілігі бар адамдар мәселені шешу үшін жеке жауапкершілік алатындай орынды тәу-

екелдерге барады. Олар өздерінің қол жеткен нәтижелерінің нақты көтермеленгенін қалайды». [9, 371 бет]

Жетістікке жету қажеттілігі алдыға мақсат қоя білу және оны жүзеге асыру үшін өзіне жауапкершілік арта білу қабілетінен, өз мүмкіндіктеріне деген сенімділіктен, және қойған мақсаттарға жетуге деген ұмтылыстан көрінеді. Адамның өзін-өзі бағалауы қаншалықты жоғары болса, соншалықты ол белсенді болып, жетістікке ұмтылады. Мұндай жағдайда жетістікке жету қажеттілігі тұлғалық қасиетке айналады. Жетістікке жету уәждері (жетістік, мақсат) нәтижені жақсартуға деген ұмтылыстан, мақсатқа жетуде табандылықтан көрінеді және бүкіл адам өміріне әсер етеді.

Табысты қызметті қажетсіну маманның өз қызметіне деген құндылықты қатынасынан туындайды. Педагогикалық қызметке деген құндылықты қатынас мұғалімнің жұмысындағы сәттіліктері мен табыстарына, оның тұлғалық және кәсіби қанағаттану сезімдеріне қарай өзгеріп отырады. Демек, бәсекеге қабілетті педагог үнемі өз жұмысының ұтымды, табысты, сәтті жақтарын көруге тырысады, сол үшін бастамашылдық танытады, көшбасшылыққа ұмтылады, өзінің және өзгелердің іс-әрекетін нәтижелі және ұтымды етіп ұйымдастыруға талпынады.

Қорытынды

Қорытындылай келе, педагог мамандардың бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру мәселесіне арналған теориялық әдебиеттерді зерделей отырып, бұл сапаның педагогика саласында, салыстырмалы түрде алғанда, жаңа құбылыс екендігін аңғардық. Оның педагогикалық-психологиялық зерттеудің өзекті мәселесіне айналуына негіз болып отырған факторлар – кез келген еңбек түріндегі субъектілер арасындағы бәсекелестік ұстанымына негізделетін нарықтық экономикалық жағдай, білім беру қызметтері нарығының дамуы, білім беру жүйесін дамыту стратегиялары және т.б. Осы факторларға сүйене отырып, бәсекеге қабілеттілікті, біріншіден, заманауи білім беру жағдайында стратегиялық, болжамды,

перспективалық педагогикалық ұғым ретінде сипаттауға болады, екіншіден, бұл ұғымды білім, білік және қатынастар тұтастығына негізделген болашақ мұғалімнің тұлғалық қасиеті ретінде қарастыру қажет деп ойлаймыз. Мұндай сапа туа бітпейді, өздігінен де кел-

мейді, оған ие болу үшін кәсіптік білім мен іскерліктерді жетік меңгерумен қоса, өзіңнің тұлғалық қасиеттеріңді анықтау және бағалау, өзіңді-өзің тәрбиелеу және үнемі жетілдіру бағытында мақсат бағдарлы үздіксіз жұмыс жүргізу қажет.

Әдебиет тізімі

1. Назарбаев Н. Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру. - Астана, Егемен Қазақстан, 2017, 26 сәуір.
2. Қазақстанның ұлттық энциклопедиясы. 2-том. - Алматы, 1999. - 720 б.
3. Решетников П.Е. Нетрадиционная технологическая система подготовки учителей. Рождение мастера: книга для преподавателей высших и средних педагогических учебных заведений / П.Е.Решетников. - Москва, 2000. - 301 с.
4. Слостенин В.А. Профессионализм педагога: акмеологический контекст <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalizm-pedagoga-akmeologicheskiiy-podhod> (дата обращения: 4.09.21).
5. Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру: пед. ғыл. док. ...: дис. 13.00.08. - Қарағанды, 2005. - 267 б.
6. Тарасова С.И. Исследование процесса формирования конкурентоспособности выпускника вуза / С. И. Тарасова, Е. В. Таранова // Научные проблемы гуманитарных исследований. - 2009. - № 9-1. - С. 92-108.
7. Орлов А.А. Формирование педагогического мышления будущего учителя / А.А.Орлов // Пути совершенствования психолого-педагогической подготовки будущего учителя. - Тула, 1989. - С.43-47.
8. Современный словарь по педагогике / Сост. Рапацевич Е.С. - Минск: Современное слово, 2001. - 928 с.
9. Столяренко А.М. Психология менеджмента: учеб. пособие для студентов вузов / А.М.Столяренко, Н. Д. Амаглобели. - М.: ЮНИТИ, 2005. - 608 с.

References

1. Nazarbayev N. Bolashakka bagdar: Ruhani Zhangyru [Course towards the future: modernization of Kazakhstan's identity] (Egemen Kazakstan, Astana, 2017, April 12).
2. Kazakstannyn ulttyk jenciklopedijasy [National Encyclopedia of Kazakhstan]. Vol. 2. (Almaty, 1999, 720 p.).
3. Reshetnikov P.E. Netradicionnaya tekhnologicheskaya sistema podgotovki uchitelej. Rozhdenie мастера: kniga dlya prepodavatelej vysshih i srednih pedagogicheskikh uchebnyh zavedenij [Non-traditional technological system of teacher training. The birth of a master: a book for teachers of higher and secondary pedagogical educational institutions] (Moscow, 2000, 301 p.).
4. Slastenin V.A. Professionalizm pedagoga: akmeologicheskii kontekst [Teacher's professionalism: acmeological context] Available at: <https://cyberleninka.ru/article/n/professionalizm-pedagoga-akmeologicheskiiy-podhod> (Accessed: 4.09.21).
5. Kenzhebekov B.T. Formirovanie professional'nyh kompetencij budushchih specialistov v sisteme vysshego uchebnogo zavedeniya [Formation of professional competencies of future specialists in the system of higher education institutions]. Dissertation of the doctor of Pedagogical Sciences: 13.00.08 (Karaganda, 2005, 267 p.).
6. Tarasova, S. I. Issledovanie processa formirovaniya konkurentosposobnosti vypusknika vuza [Study of the process of forming the competitiveness of a university graduate], Nauchnye problemy gumanitarnykh issledovaniy [Scientific problems of humanitarian research], 9-1, 92-108 (2009).

7. Orlov A.A. Formirovanie pedagogicheskogo myshleniya budushchego uchitelya [Formation of pedagogical thinking of the future teacher], Puti sovershenstvovaniya psihologo-pedagogicheskoy podgotovki budushchego uchitelya [Ways to improve the psychological and pedagogical training of the future teacher]. (Tula, 1989. p.43-47).
8. Sovremennyy slovar' po pedagogike [Modern Dictionary of Pedagogy]. Comp. Rapacevich E.S. (Minsk, 2001, 928 p.).
9. Stolyarenko A.M. Psihologiya menedzhmenta: ucheb. posobie dlya studentov vuzov [Psychology of management: a textbook for university students] (Moscow, 2005, 608 p.).

Э.Т. Баярыстанова, К.А. Есенова, Ж.А. Башчикулова

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

Содержание и структура конкурентоспособности педагогических кадров

Аннотация. В статье рассматриваются сущность и значение понятия конкурентоспособности, содержание и структура этого качества в отношении педагогических работников. В ходе исследования были изучены научные труды, рассматривавшие конкурентоспособность на основе психолого-педагогического и профессионально-экономического подходов. Авторы на основе теоретического анализа и обобщения исследований, а также опираясь на этимологию слова, определяют конкурентоспособность педагогических кадров как «стратегическое свойство, позволяющее им быть более востребованными, чем другие, в условиях конкуренции на рынке образовательных услуг». Это качество специалиста дает значительные приоритеты в точном определении цели и задач деятельности, в выборе эффективных средств и способов ее достижения, в достижении успеха на основе анализа и критической оценки результатов своей деятельности. В содержании статьи определены и охарактеризованы такие качества, как самостоятельность и гибкость мышления, педагогическая рефлексия, стрессоустойчивость, потребность в успешной деятельности как «рациональные особенности» конкурентоспособного педагога.

Ключевые слова: конкуренция, конкурентоспособность, педагог, самостоятельность и гибкость мышления, педагогическая рефлексия, стрессоустойчивость, потребность в успешной деятельности.

E.T. Bayarystanova, K.A. Yesenova, Zh.A. Bashchikulova

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

The content and structure of the competitiveness of teaching staff

Abstract. The article examines the essence and meaning of the concept of competitiveness, the content and structure of this quality in relation to teaching staff. In the course of the study, scientific papers were studied that considered competitiveness on the basis of psychological, pedagogical and professional-economic approaches. The authors, based on theoretical analysis and generalization of research, as well as relying on the etymology of the word, define the competitiveness of teaching staff as «a strategic property that allows them to be more in demand than others in a competitive educational services market». This quality of a specialist gives significant priorities in accurately defining the goals and objectives of the activity, in choosing effective means and ways to achieve it, in achieving success based on analysis and critical evaluation of the results of their activities. The content of the article defines and characterizes such qualities as independence and flexibility of thinking, pedagogical reflection, stress resistance, the need for successful activity as «rational features» of a competitive teacher.

Keywords: competition, competitiveness, teacher, independence and flexibility of thinking, pedagogical reflection, stress resistance, the need for successful activity

Авторлар туралы мәлімет:

Баярыстанова Э.Т. – **корреспонденция үшін автор**, педагогика ғылымдарының кандидаты, педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, әл-Фараби даңғ., 71, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Есенова К.А. – Педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының аға оқытушысы, әл-Фараби даңғ., 71, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Башчикулова Ж.А. – «Педагогика және психология» мамандығының 4 курс студенті, әл-Фараби даңғ., 71, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

Bayarystanova E.T. – **Corresponding author**, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Pedagogy and Educational Management, 71 Al-Farabi Ave., Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Yessenova K.A. – Senior Lecturer of the Department of Pedagogy and Educational Management, 71 Al-Farabi Ave., Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Bashchikulova Zhanar – 4th year student majoring in Pedagogy and Psychology, Al-Farabi Kazakh National University, 71 Al-Farabi Ave., Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.